ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қарар бөлігі)

2026 жылғы 4 мамыр №7119-26-00-2/3581 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.К.Кошенов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ИП Қонтаева» дара кәсіпкері атынан Қонтаева Сәлима Сырымқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ИП Қонтаева» дара кәсіпкері атынан Қонтаева Сәлима Сырымқызына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ИП Қонтаева» дара кәсіпкері атынан Қонтаева Сәлима Сырымқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ИП Қонтаева» дара кәсіпкері атынан Қонтаева Сәлима Сырымқызынан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-

Документ подписан: Кошенов А. К., 04.05.2026
Дата вступления в законную силу: 15.06.2026, судья Кошенов А. К., 02.07.2026
7119-26-3-1/3321

эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 2 652 (екі мың алты жүз елу екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 79,56 (жетпіс тоғыз) теңге 56 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығындары өндірілсін.

«ИП Қонтаева» дара кәсіпкері атынан Қонтаева Сәлима Сырымқызынан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.К.Кошенов

Документ подписан: Кошенов А. К., 04.05.2026

Дата вступления в законную силу: 15.06.2026, судья Кошенов А. К., 02.07.2026

7119-26-3-1/3321